

Коронавирус кезіндегі күйзеліс

Коронавирустың әрбір адам әртүрлі деңгейде өткөреді. Біреу оңай, біреу симптомсыз өткөреді, біреудің жағдайы нашарлайды. Бізге адамдардың психологиялық жағдайы өте маңызды: Себебі, аурудан айыққандарда өлімнен қорқу синдромы күшінеді. Және бұл қалыпты жағдай. Адам өзі үшін ғана емес, жақындары үшін де қорқады. Індег үлкенді де, кішіні де алып кетуде. Кенеттен келетін өлім де аз емес. Егер мазасызық сезімі сақталса, міндетті түрде маманға жүргіну керек.

Адам үшін ең қыын нәрсе — өлім туралы есту. Ал, кенеттен болған өлімді қабылдау екі есе қыын. Бұл — көптеген адамдар жеңе алмайтын стресс. Психологияда ол төрт кезеңнен тұрады. Бірінші кезең — сенімсіздік. Кеше немесе бір апта бұрын ғана сейлескен және мұлдем сау жақын адамынан айырылу салдарынан адам мен-зен болып қалады. Екінші кезең — бұл қайғы-қасиrettі бастан кешіру. Жақындарынан айырылғандар кейде: «Егер жағдай басқаша болса, не болар еді?» деген сұрақ қояды. Үшінші кезең — айыптау. «Кім кінәлі?» деген сұрақта жауап іздеу. Осы сәтте адам депрессияға тұсіу мүмкін. Қыын шақта дерігерлермен дауласу, туыстарымен ұрыс-керіс немесе дері-дермектің жетіспеуіне кінәлілерді іздеу орын алады. Яғни айналасындағылармен күрделі қарым-қатынас орнап, тіпті қақтығыстық жағдайлар басталады. Соңғы кезең — қабылдау. Аталған

төрт кезеңнен өтпей, адамның өзін-өзі тыныштандырып, қалпына келу екіталаі.

Ол үшін не істеу керек? Яғни қайғыны тубегейлі жену қажет. Іштегі күйіктішігарып, катты жылап алған дұрыс. Содан кейін нағыз оқиғалылық денсаулық қалыпқа келеді. Бұл фениде балалар, немерелер, туған-туысқандар, кейбір құндылықтар бар екенін тағы бір рет ойлану керек. Депрессия жүтіп қоймас үшін өмірге баскаша қарап, жағдайдан шығуға тырысу қажет. Көнілді, ойнақы музыка тыңдал, жақсы фильмдерді көрү де көмектеседі. Яғни адам эмоциональды түрде демалу керек.

Асқынулар мен ауыр зардаптардың алдын алу үшін оңалтуды (реабилитация) уақытында бастаған ләзім. Әрине, оңалту өте жағымды процесс емес, бірақ инфекциядан кейін ағза өзгереді. Оны қалпына келтіру үшін уақыт қажет. Денедегі барлық өзгерістер қайтыссыз екен деп ойлад, үміт үзбеніз. Әйткені, адам өзіне және денсаулығына қаншалықты көп көніл белсек, соғурлық ол әдеттегі өміріне тез оралады. Бұл кезде санаторлық шипажай емі де көп көмектеседі. Әдетте, коронавирустан кейін келесі симптомдар: үнемі шаршағыштық, бастың ауруы, дәне белсенділігінің тәмендеуі, тыныс жетіспеушілігі, назар шоғырлануының қындығы, депрессия, үйқының бұзылуы, бастың айналуы, созылмалы аурулардың асқынуы, екпе демікпесі, бронхиттар, т.б. байқалады. Қалыпқа келуге таза ауада кебірек серуендеу, үйлесімді тамактану, тыныс алу жаттыгулары көмектеседі. Ең маңыздысы — жаяу жүру, саябақтардың ішінде, судың жағасында сабырлы серуендеу.

Әкпені қалпына келтіру шамамен үш айға созылады. Егер жөніл түрі болса, екпе толығымен қалпына келеді. Ал, егер ауыр пневмония болса, төрінің тыртықтары тәрізді әкпенде талшықты өзгерістер калуы мүмкін. Толығыжазылмаса бұл өзгерістердің кейін салдары болады. Яғни тыртықтар әкпенін оттегі тасымалдайтын жолдарын жауып тастайды. Адам ауыр дөрежеде науқастанған жағдайда жасы ұлғайған сайын енгізу пайда болады.

Коронавирус жүйке жүйесіне өсер етеді. Қөптеген науқастарда, аурудан кейін де қорқыныш, көніл-күйдің әртүрлі өзгеруі байқалады. Бұл COVID-19 инфекциясын жүқтыврған пациенттерге күтім жасайтын адамдар үшін және олармен бірге тұратындар үшін маңызды. Науқастардың қолдау және сүйіспеншілік таныту тез айығуға көмектеседі.

Карантиндік шараларды сақтау туралы ұмытпау керек. Қөптеген адамдар ауруды бастаң кешіріп, оған антиденелер алдын, қайта жүқтыврмаймын деп ойлады. Олар бетперде киодін, ара қашықтықты сақтаудың және басқа санитарлық-эпидемиологиялық шараларды ұстанудың қадірін білүі тиіс. Әйткені, адам емделіп болғаннан кейін де ұзақ уақыт инфекцияның тасымалдаушысы болып қалуы мүмкін.

**Сейсенкул ҚАЛҚАБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің биология
кафедрасының профессоры,
медицина ғылымдарының докторы.**